

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 517 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1420. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 691 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 691 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Өкілдері Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының құрамына енетін мемлекеттік органдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 517 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 14, 182-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі" деген жол а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген жол мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*